

# Сабактың тәқырыбы:

Жүйке жүйесінің орталық және шеткі бөлімдері. Жұлын. Ми. Ми бөлімдерінің құрылышы мен қызметтері: сопақша ми, ми көпірі, мишиқ, орталық және аралық ми. Үлкен ми сыңарлары.

# **Сабақтың оқу мақсаты:**

**7.1.7.4**

**орталық жүйке жүйесін  
бөлімдерінің құрылышы мен  
қызметін салыстыру.**

# Сабактың мақсаты:

- ✓ Орталық және шеткі жүйке жүйесімен таныстыру.
- ✓ Жұлынның құрылышы мен қызметін түсіндіру.
- ✓ Ми бөлімдері, құрылышы мен қызметін білу.

# Жетістік критерийлері:

- Орталық және шеткі жүйке жүйесін біледі.
- Жұлынның құрылымы мен қызметін түсіндіре алады.
- Ми бөлімдері, құрылымы мен қызметін біледі.

# Орталық және шеткі жүйке жүйесі.


Орталық жүйке жүйесі **бас ми** мен **жұлыннан** тұрады. Шеткі жүйке жүйесі **жүйкелер** мен **жүйке түйіндерінен** тұрады.


Шеткі жүйке жүйесі қаңқа бұлшықеттерін қозғалысқа әкелетін қозғалтқыш нейрондар «**соматикалық**» және бірінғай салалы бұлшық ет, жүрек бұлшық еттерінің және бездердің белсенділігін реттейтін «автономды(шеткі) деп бөлінеді.



- Ми баста бассүйек қысында орналасады. Ол мынадай бөлімдерден тұрады:

- 1 – үлкен ми  
сыңарлары;
- 2 – аралық ми;
- 3 – ортаңғы ми;
- 4 – ми көпірі;
- 5 – сопақша ми;
- 6 – мишиқ





# **Аралық ми**

Аралық ми - ортаңғы мидың алдыңғы жағында жатады.

Көру тәмпешіктері(гипоталамус) мен тәмпешікасты аймақтан тұрады.

Аралық мида да бір ми қарыншасы бар.

Көру, дәм сезу, есту және т.

б. рецепторлардан келетін қозу аралық ми арқылы алдыңғы мидың үлкен ми сыңарларының қыртысына өтеді

# Ортаңғы ми

- Ортаңғы ми - артқы ми мен аралық мидың арасында орналасқан.
- **Теріде пигменттің бояутектің түзілуін реттейді.**
- Кенеттен шыққан дыбыс, жарық тітіркендіргіштерін **тез бағдарлауды** реттейді.

# Артқы ми

- Артқы миға - мишиқ пен ми көпірі жатады.
- Ми көпірі ортаңғы ми мен сопақша мидың аралығына орналасқан. **Сопақша ми мен ортаңғы миды** байланыстырып тұратындықтан, оны **ми көпірі** дейді.
- Ми көпірінің жүйке жасушалары (нейрондары) беттің терісінен, тілден, ауыз қуысының сілемейлі қабықшасынан (**дәм сезгіштік**) келетін хабарларды қабылдайды. **Есту, тепе-тендікті** сақтау мүшелерінен келетін ақпараттар (информация) ми көпіріне хабарланады.
- Ми көпірінде сілекей, жас бездері мен шайнау, ымдау бұлшықеттерінің жұмысын реттейтін жүйке орталықтары да орналасқан.

# Сопақша ми

Сопақша ми - жұлдынның жоғарғы шетінің жалғасы. Сопақша мидың төменгі шеті жінішкелеу, жоғарғы шеті жуандай.


Жұлдындағы сияқты, сопақша мидың ақ заты сыртында, сүр заты ішкі жағында орналасады.

Жұлдыннан айырмашылығы - сүр заты ақ затында ядро тәрізді әр жерінде шоғырланып жатады.

Сопақша мидың ұзындығы 2,5-3 см.


Сопақша мида бір ми қарыншасы орналасқан. Онда **ему, жұту, жөтелу, түшкіру, көзді жыптылыштату** рефлекстерінің орталығы бар. Сүр затында **тынысалу, қан тамырларын, аскорытуды** реттейтін орталықтар орналасқан.

Сопақша ми арқылы жүзеге асатын рефлекстер: 1) қорғану (жөтелу, құсу, түшкіру, жас болу, көзді жыптылыштату); 2) тамак (ему, жұту, сөл бөлу, аскорыту бездері); 3) жүрек пен қантамырлар жұмысын реттеу; 4) өз-өзінен жұмыс істейтін тынысалу орталығы өкпе жұмысын жақсартады; 5) есту ақпараттарын басқарады. Жұлдын сияқты сопақша ми қозуды жұлдыннан мидың басқа бөлімдеріне өткізеді. Егер сопақша ми зақымданса, тынысалу мен жүректің тоқтауынан адам тез өліп кетеді.




# Мишиқ

- Мишиқ - сопақша ми мен ми көпірінің артқы жағында жатады.
- Мишиқ қаңқа бұлшықеттерінің үйлесімді жиырылуын реттейді. Әсіресе мойын, тұлға, аяқ-кол бұлшықеттерінің қозғалысын, **дененің тепе-тендігін сақтайды**
- Егер мишиқ жарақаттанса, адамның қолаяғы тез шаршайды, қозғалысы, тепе-тендігі, сөзі бузылады



# Үлкен ми сыңарлары:



1 – оң жақ сыңары;

2 – сол жақ сыңары

- Адамда **алдыңғы мидың** үлкен ми сыңарлары басқа бөлімдерінен әлдеқайда жақсы дамыған.
- Үлкен ми сыңарлары оң жақ және сол жақ сыңарлардан тұрады. Әрбір ми сыңары сұр және ақ заттан құралады. Сыртындағы сұр заты ми қыртысын түзеді.
- **Қыртыста 14 миллиардтан астам нейрондар** болады.
- Ми қыртысының **калыңдығы шамамен 2-3 мм.**
- Ми қыртысында мүшелерден козуды қабылдайтын, кимылды реттейтін **сөзгіш және қозғалтқыш жасушалар** болады.
- Ми сыңарларының **ақ заты ішкі жағында** қыртыстың астында болады. Ақ заты жүйке талшықтарынан түзіледі.
- Ми сыңарларының беті тегіс болмай, **жұлгелі, қатпарлы** болады. Жұлгелер ми сыңарларын жеке бөліктерге бөледі

# Үйге тапсырма:

Реті	Ми бөлімдері	Қызметі
1		
2		
3		
4		
5		
6		

# Рефлексия:

**Мен енді білемін**

.....

**Менің түсінбей қалғаным**

.....

**Мен жақсы түсіндім**

.....